

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 18**

Жезқазған қаласы
8.09.2023
сағат 15.00

Облыстық қоғамдық кеңесі **оффлайн және онлайн форматында** өтті. Жиынды ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды. Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Бекмағанбетов М. Оспанов С, Абжаппаров А. Ізтөлеуов Д, Мукеева А, Токишова А, Ахмет А, Маткенов М, Бакиров Б**, қатысты.

Белгісіз себеппен қатыспағандар: Дуйсенов Б, Турлыбек А, М.Хамитов ;

Бегенов Б.Ж: Құрметті әріптестер! Алдында айтып кеткендей біз облыстық қоғамдық кеңестің құрамын кеңейтіп, қатарымызды күшейту мақсатында – байқау жариялағамыз. Ұлытау облысының мәслихаты өздерінің сайтында байқаудың шарттарын жариялады. 17 адам өз кандидатураларын ұсынды. Бізге осылардың арасынан 12 адам іріктеу керек. Сіздерді хатшы құжаттарын олардың өмірбаянымен таныстырады.

Бакиров Б – әріптестер! Мен Алматыда больницада жатырмын. Сондықтан осы жиналыстың аяғына дейін қатыса алмаймын.

Енді бізге 9 қыркүйекте жиын өткізіп, қоғамдық кеңеске үміткерлермен сұхбат өткізуіміз қажет. Ол үшін 5 адамнан комиссия құрып, оның төрағасын сайлауды ұсынамын.

Мукеева А -Менде ұсыныс. Комиссия төрағасына - Мұрат Маткеновты ұсынамын.

Бегенов Б.Ж - Дауысқа салайық.

Кім қолдайды – 9

Кім қарсы – 0

Кім қалыс қалды – 0

Бегенов Б.Ж – Жаксы. Комиссия құрылды. Енді үміткерлермен сұхбат жүргізетін топ құрыңыз.

Маткенов М.К – мен топқа келесі ҚК мүшелерін ұсынамын.


1. **Абжаппаров А. М;**

2. Ахмет А. А;
3. Бегенов Б.Ж;
4. Мукеева А.М

Кім қолдайды – 9
Кім қарсы – 0
Кім қалыс қалды – 0

Ұлытау облысының қоғамдық
кеңесінің төрағасы

Хатшы

Б.Ж.Бегенов

С.К. Онгарбаева